КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 25 қыркүйек №7119-25-00-2/8823 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Ж.Ж.Нұрғалиева, хатшылықта К.Бекмолдин болып ашық сот отырысында электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының сыртқы істер Министрлігі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Джаманбаева» атынан Джаманбаева Эльвира Нурлановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Рашитова Б.
талап қоюшының өкілдері: Сайранов Е.Б., Воробьев К.В.
жауапкердің өкілі: А.А.Конарбаева
аудармашы Жумадуллаева Б.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2025 жылғы 27 мамырдағы электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алу тәсілімен «радиостанциялар» тауарларын мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хаттама негізінде Министрлік пен Өнім беруші арасында 2025 жылғы 9 маусымдағы № 950140000832/250096/00 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды (бұдан әрі-Шарт).

Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін, яғни 2025 жылғы 9 маусымда күшіне енді.

Шартқа сәйкес Өнім беруші Тапсырыс берушіге сатып алынатын тауарды Шарт күшіне енген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2025 жылғы 24 маусымға дейін (қоса алғанда) жеткізуге міндеттеме алды.

Алайда, Өнім беруші тарапынан тауарды жеткізу мерзімі 15 күнтізбелік күнге кешіктірілген, тауарды қабылдап алу-беру актісі (бұдан әрі - Акт) 2025

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 02.10.2025
Заңды күшіне енген күні: 26.11.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 05.12.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жылғы 10 шілдеде мемлекеттік сатып алу веб-порталы (бұдан әрі - Веб-портал) арқылы жүктелді. Өз кезегінде, тауардың Тапсырыс берушінің мекен-жайына нақты келген күні 2025 жылғы 11 шілде.

Тауар ҚР Мемлекеттік күзет қызметі мен «Motorola» компаниясының ҚР-дағы ресми өкілі - «OTC ltd» ЖШС-да тексерістен өтіп, оның техникалық ерекшеліктердің талаптарына сәйкес келмейтіні анықталған.

Тауарды жеткізудің кешіктірілуі 22 күнді құрады (2025 жылғы 25 маусым - 16 шілде кезеңінде), Шарттың жалпы соммасы 12 825 000 теңге. Осылайша, тұрақсыздық айыбы - 282 150 (екі жүз сексен екі мың жүз елу) тенге (12 825 000 х 0,1% х 22 күн) құрайды.

Талап қоюшы жауапкердің шарттық міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабымен жүгінген, толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі, талап қоюмен толығымен келіспейтіндігі тұралы сотқа қарсылық ұсынды.

Онда 2025 жылғы 10 шілдеде өнім беруші шартты іс жүзінде орындағанын, бұл туралы Тапсырыс беруші қол қоймаған № 250096/00/1 тауарды қабылдау-беру актісі куәландырады.

Сот отырысында талапкердің өкілі талап арызды қолдап, көрсетілген негіздер бойынша қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

2025 жылғы 27 мамырдағы к электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алу тәсілімен «радиостанциялар» тауарларын мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хаттама негізінде Министрлік пен Өнім беруші арасында 2025 жылғы 9 маусымдағы № 950140000832/250096/00 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды (бұдан әрі-Шарт).

Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін, яғни 2025 жылғы 9 маусымда күшіне енген.

Шартқа сәйкес Өнім беруші Тапсырыс берушіге сатып алынатын тауарды Шарт күшіне енген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2025 жылғы 24 маусымға дейін (қоса алғанда) жеткізуге міндеттеме алған.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 02.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.11.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 05.12.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Алайда, Өнім беруші тарапынан тауарды жеткізу мерзімі 15 күнтізбелік күнге кешіктірілген, тауарды қабылдап алу-беру актісі (бұдан әрі - Акт) 2025 жылғы 10 шілдеде мемлекеттік сатып алу веб-порталы (бұдан әрі - Веб-портал) арқылы жүктелді. Өз кезегінде, тауардың Тапсырыс берушінің мекен-жайына нақты келген күні 2025 жылғы 11 шілде.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 587-тармағы негізінде, Тапсырыс беруші Тауардың техникалық ерекшеліктерінің талаптарына сәйкес келуін қосымша зерттеп-тексеру мақсатында 2025 жылғы 14 шілдеде Веб-портал арқылы Өнім берушіні хабардар ете отырып, Актіні 10 (он) жұмыс күніне дейін қосымша создырған.

Осы мерзімде, Тауар ҚР Мемлекеттік күзет қызметі мен «Motorola» компаниясының ҚР-дағы ресми өкілі - «OTC ltd» ЖШС-да тексерістен өтіп, оның техникалық ерекшеліктердің талаптарына сәйкес келмейтіні анықталған.

Бұл ретте жауапкер ешбір ауыстырусыз, тиісті сападағы тауарды жеткізуді талап еткен.

2025 жылғы 17 шілдеде Акті қабылданбай кері қайтарылған және Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанына және тиісінше орындамағанына орай, 2025 жылғы 17 шілдеде аталған шарт біржақты тәртіпте бұзылған.

Шарттың 3.1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Өнім беруші Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Алайда, ол өз міндеттемелерін орындамаған.

Сонымен қатар, шарттың 7.3 және 7.4-тармақшаларына сәйкес, мерзімдері кешіктірілген немесе тауарды жеткізуден бас тартылған жағдайда, Министрлік одан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алуға құқылы.

Тиісінше, тауарды жеткізудің кешіктірілуі 22 күнді құрады (2025 жылғы 25 маусым - 16 шілде кезеңінде), Шарттың жалпы соммасы 12 825 000 теңге. Осылайша, тұрақсыздық айыбы - 282 150 (екі жүз сексен екі мың жүз елу) тенге (12 825 000 х 0,1% х 22 күн) құрайды.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Сот, жауапкердің талап қоюды қараусыз кері қайтару туралы арызы негізсіз деп санайды, талап қою талап қоюшының өкілі Саинов А. электронды қол қойылған.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 02.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.11.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 05.12.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы «Қазақстан Республикасының сыртқы істер Министрлігі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер Жеке кәсіпкер «Джаманбаева» атынан Джаманбаева Эльвира Нурлановнаны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Джаманбаева» атынан Джаманбаева Эльвира Нурлановна сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Джаманбаева» атынан Джаманбаева Эльвира Нурлановнадан мемлекет кірісіне 282 150 (екі жүз сексен екі мың жүз елу) тенге тұрақсыздық айыбы және 10 431 (он мың төрт жүз отыз бір) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья
Ж.Ж.Нұрғалиева

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 02.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.11.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 05.12.2025

7119-25-3-1/8731